



НАРХОЗ
УНИВЕРСИТЕТИ

Тақырып: Құқықтық дауларды шешудің
баламалы әдісі-Медиация.

Орындаған: Абдижапбаров Бакытжан

Жоспар:

1. Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы.
2. Дауларды шешудің баламалы жолдарының өзіндік басты ерекшелігі.
3. Медиатордың рөлі.



1) Қазақстан Республикасының «Медиация туралы» Заңы 2011 -жылы 28- қаңтарда қабылданып, бүгінгі күні елімізде жүзеге асырылуда. «Медиация туралы» Заңы Қазақстан Республикасында медиацияны ұйымдастыру саласындағы қоғамдық қатынастарды оны жүргізу қағидаттары мен рәсімін реттейді.

Өкінішке орай, медиация рәсімі арқылы дауларды шешудің жаңа балама тәсілі туралы барлығы біле бермейді. Алайда мұндай тәсілдің бар екенін білетіндердің өзі құқықтарын сотта қорғауды жөн көреді. Себебі біздің азаматтарымыз өз менталитетіне байланысты медиацияны орынды тәсіл ретінде қабылдай алмайды. Сот органдары және өзге де органдар «Медиация туралы» Заңын халық арасында насихаттау барысында айтарлықтай жұмыс жүргізіп жатыр, бірақ медиаторлар да өз тараптарынан адамдарды қызықтыра білуі тиіс.

Медиация-бұл

1. Медиация - бұл адамның құқығына, бостандығына және өзіне деген құрметті арттыруға, өркениетті азаматтық және парасатты қарым-қатынастарды қалыптастыруға, әлеуметтік және өзге де дауларды шешуге қоғам санасын нығайтута бағытталған әмбебап құқықтық құрал.

2. Медиация - тараптардың ерікті келісімі бойынша жүзеге асырылатын яғни медиация - үшінші бейтарап көзқарасты ұстанатын медиатордың қатысуымен дау-жанжалдарды шешудің баламалы әдісі.



Негізгі мынадай мақсаттар бар:

1. Жактың еріктілік, құпиялық, тең құқылығын сақтай отырып, тараптардың өзара тиімді бітімге келуіне жол ашып, дауды шешудегі медиацияның екі тарапын да қанағаттандыратын нұсқасына қол жеткізу және тараптардың дауласушылық деңгейін төмендету.

2. Қазақстан Республикасында «Медиация туралы» Заңның қабылдануы өркениет көшіне батыл бет түзеген біздің қоғамымызда оң өзгерістердің жүзеге асырылып жатқандығының айқын көрінісі екендігін айғақтайды.

Қорыта келгенде, бұл заң қазақ халқының дәстүрлі билер мен ата бабалар тағылымын, әдет-ғұрып тәжірибесін калпына келтіруге жасалған игі қадамдарының бірі, халыққа оның тиімділігі мол деп есептесек қателеспейміз.



2) Дауларды шешудің баламалы жолдарының өзіндік басты ерекшеліктері:

Біріншіден, тараптар өздерінің дауларын ДШБЖ арқылы шешудің кейбір формаларына жатқызбастан бұрын әуелі келісімге келеді. Сот олардың бұлай етулеріне мәжбүрлей алмайды. Бірақ егер олар ДШБЖ-нан негізсіз бас тартса, сот шығындарын өндіріп алу түрінде айып сала алады.

Екіншіден, «зиянсыздығы». ДШБЖ «ешбір залал келтірмеу» сипатында жүзеге асырылады. ДШБЖ-на жүгінудің нәтижесі оның міндетті түрде орындалуы жөніндегі Егер ДШБЖ-на жүгініс дауды реттей алмаса, сот процесі немесе арбитраж қайта басталады немесе жалғастырылады.

Үшіншіден, ДШБЖ сот талқысы, немесе арбитраж барысында қол жетпейтін, тараптардың коммерциялық қажеттіліктері мен мүдделерін есекере отырып, олардың өзара тіл табысуларына мүмкіндік бере алады. Мысалы, ақша өндіру туралы талап болашақта көрсетілетін қызметтерге жеңілдіктер жасау жолымен шешіліп, олардың іскерлік байланыстарын сақтап қана қоймай, тіпті жақсарта түсуі мүмкін.

Төртіншіден, икемділігінде. Тараптардың қажеттіліктеріне қарай іс – әрекеттің ахуалы өзгертіледі. ДШБЖ процесс басталғанға дейін де, сот, немесе арбитраждық талқы барысында да жүзеге асырылуы мүмкін. Тараптар ДШБЖ процесі барысында сот талқысын жалғастыра беруге немесе тоқтата тұруға келісе алады.

Бесіншіден, аз шыған жұмсала тындығында және тездігінде (арбитраждан басқа жағдайларда). Ол, сондай-ақ көптеген жағдайларда жылдам бекітіліп, жүзеге асырылады. Мысалы, медиация бір күннен артық уақыт алмайды.



Әдістері:

Дауды шешуге тырысу үшін сіз телефон арқылы келіссөз жүргізесіз бе, кездесу ұйымдастырасыз ба, оған кез келген уақытта мүмкіндігіңіз болады. Бірақ «ешкімге зиянын тигізбейтіндей» болуы керек. Әдетте, әрбір тараптың өкілі телефон арқылы келіссөз жүргізеді. Дөңгелек үстел басындағы кездесулер көпшілік жағдайда әрбір тараптың заңды өкілдерінің, мүмкін адвокатының қатысуымен өтеді. Келіссөздер барысында әрбір жақ өзінің заңгерлер тобымен оңаша талқылаулар жүргізуіне мүмкіндік беру үшін үзілістер жасауы мүмкін.

Бұл жиын келушінің өз ісі туралы айтып, өзінің әріптесінің күшті және әлсіз жақтарын бағалауына мүмкіндік береді.



3) Медиатордың рөлі.

Медиатордың рөлі – тәуелсіз және мүдделі емес үшінші тұлға ретінде қатысып, тараптарды тіл табысуға және бітімгершілік келісімге келуге ынталандыру. Іс жүзінде тиімді медиатор мынадай алты қасиетке ие болуы тиіс:

1. **Түсіне білу** – тіпті онымен келіспеген күннің өзінде, оның жағдайын түсінуі және тараптарды өздерінің қатаң ұстанымдарын босатуына мәжбүрлеу. Төзім – тараптардың өздері әрекет жасауға кіріскенге дейін күте білу;
2. **Төзім** – тараптардың өздері әрекет жасауға кіріскенге дейін күте білу;
3. **Өз-өзіне сенімділік** – дауды реттеудің жоспарын жасап, бірақ сырттан ашық қысым білдірмей тараптардың сеніміне кіре білу қабілеті.
4. **Ойдың ашықтығы** – жаңа ақпараттар алу мен жаңа мүмкіндіктердің туындауына бастайтын қисында сауалдар қоя білуі.
5. **Тапқырлық** – талқылау тұйыққа тіреп, немесе құлаудың алдында тұрғанда, жаңа идея таба біліп, тараптарды ойландыратын қалыптан тыс пайымдар, жаңа шешімдер ұсына алу және өз идеясын жеткізе білу.
6. **Шыдамдылық** – делдалдық сессия ұзақ уақыттарға созылып және күткендей келісімге келуге жақындаған кезде үзіліс жасаудың мүмкіндігі шектеліп қалған жағдайда да бастаған іске табандылық таныта білушілік.



Назарларыңызға рахмет!

